ҚЫЛМЫС


«Шақырусыз келген қонақтар» 2

ЭССЕ

Полкта танысқан қыз 3

ДЕНСАУЛЫҚ

Дәрігердің қолы алтын 4

АТАМЕКЕН

Құтты мекенім – Құмбазар 4

# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№29 (19905)

25 ақпан, **СЕЙСЕНБІ** 2020 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

## СЕНІМ БІЛДІРДІ

**Қазақстан Президенті Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясниковичті қабылдады.**

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Мясниковичті жаңа қызметімен құттықтап, ол жетекшілік ететін Комиссия еуразиялық интеграцияны одан әрі тереңдетуде үлкен үлес қосатынына сенім білдірді.

– Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі маңызды орган саналатын ұйымның жұмысын жетілдіруде Беларусь Үкіметі мен Парламентінің жетекшісі, Ғылым академиясының президенті болған мол тәжірибеңізді, біліміңіз бен құзыретіңізді пайдаланатыныңызға еш күмәнданбаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен Еуразиялық экономикалық одақ құру жөніндегі Келісімнің осыдан 5 жыл бұрын Елордада жүзеге асқанын атап өтті.

– Одақ өз дамуында үлкен жолды артта қалдырды. Әрине, оны даңғыл жол дей алмаймыз. Сондықтан жетістік те, кемшілік те болады. Дегенмен, Еуразиялық экономикалық одақ өз міндетін ақтады деп есептейміз. Одаққа мүше мемлекеттердің ерік-жігеріне қарай аталған ұйым алдағы уақытта да дами береді, – деді Мемлекет басшысы.

## БИЛЕТ БАҒАСЫНА МӘН БЕРІЛДІ

**Мемлекет басшысы «Air Astana» әуе компаниясының президенті Питер Фостерді қабылдады.**

Кездесу барысында Питер Фостер Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық әуе компаниясының қазіргі жағдайы мен оны дамытудың жоспары, атап айтқанда, жолаушылар тасымалының ішкі көлемін арттыру және жаңадан ашылған шетелдік бағыттар, әуе билеттерінің бағасын арзандату шаралары жайында баяндады.

Питер Фостердің айтуынша, «Fly Arystan» еншілес әуе компаниясын ашқаннан бері Қазақстан әлемдегі әуе тасымалы бойынша ішкі нарығы жылдам дамып келе жатқан елдердің қатарына қосылған.

Сонымен қатар ол Қазақстан Президентіне компанияның әуе паркінің жаңаланғаны, оның ішінде, «Boeing-757» ұшақтарының ұзақ жолға арналған «Airbus A321» әуе кемесіне алмастырылып жатқаны туралы айтты. Бұдан бөлек 2023 жылға дейін «Boeing-787» ұшақтарын сатып алу жөніндегі жоспарымен бөлісті.

Мемлекет басшысы «Ашық аспан» режимін одан әрі дамытудың және жаңа шетелдік бағыттарды ашу, оның ішінде, Сингапур, Нью-Йорк секілді әлемнің басқа да ірі қалаларымен қатынас орнатудың маңыздылығын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтары үшін әуе билеттерін арзандату бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға баса мән берді.

ЖЕҢІС – 75

# ЖАУЫНГЕРЛІК ТУ КӨШІРМЕСІ ҚЫЗЫЛОРДАҒА ЖЕТТІ



**Кеше И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық мотоатқыштар дивизиясы Жауынгерлік туының көшірмесі Қызылордаға жеткізіліп, туды қарсы алу-тапсыруға арналған салтанатты шара «Тағзым» алаңында өтті.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Біз – Жеңістің мұрагерлеріміз!» атты бұл эстафета Алматы қаласынан басталған. Себебі, И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы осы Алматыда жасақталған болатын. Осы кезге дейін Алматы облысы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларынан өтіп, Сыр еліне жеткізілген ту көшірмесі енді Атырау қаласына табыс етілетін болады.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов екінші дүниежүзілік соғыста қазақстандықтар жанқиярлықпен шайқасып, Жеңіске үлкен үлес қосқанын атап өтті.

– 1941-1945 жылдардағы соғыста тек біздің Отанымыздың ғана емес, басқа да халықтар мен елдердің тағдыры шешілді. Фашизмді жеңуге Қазақстан елі де үлкен үлес қосты. Көптеген адамдар майданға еркін түрде аттанды. Республика аумағында жасақталған 20-дан астам дивизия мен құрама Мәскеуден Берлинге дейін қаһармандықпен жүріп өтті. Оның ішінде бесеуі гвардиялық құрметті атақ алды. Біздің отандастарымыз Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Курск даласындағы шайқастарда табандылық пен қажырлылық көрсетті. Алматыда құрылған атқыштар дивизиясы генерал-майор Панфилов жетекшілігімен Мәскеуді ерлікпен қорғады. Осы майданда қазақтың батыр ұл-қыздары Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Қасым Қайсенов, Рақымжан Қошқарбаев, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова ұлы дала қаһармандығының үлгісін паш етті. Майдандағы ерліктері үшін 500-ден аса адам Кеңес Одағының Батыры атағын алса, оның ішінде 21 қызылордалық бар, – деді Н.Байқадамов.

Жауынгерлік ту көшірмесін қабылдап алу шарасына орай әскери шеру ұйымдастырылып, «Тағзым» алаңына гүл шоқтары қойылды.

Ал, таңертеңгілік «Біз – Жеңістің мұрагеріміз!» эстафетасы аясында өңірлік коммуникациялар қызметінде баспасөз конференциясы өткізілген еді. Брифингте эстафетаның негізгі атрибуты 1941 жылы Алматы қаласында жасақталып, Мәскеуден Берлинге дейін жеткен Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық мотоатқыштар дивизиясының Жауынгерлік туының көшірмесі екені айтылды.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов даңқты дивизияның тарихына тоқталып, оның құрамында Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин сынды қазақтың батыр ұлдары болғанын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, 1941 жылы тамыз айында «Ленин жолы», қазіргі облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған Асқар Нұртазиннің «Сыр жастарына хат» атты мақаласын оқып берді.

Ал, ҚР Ұлттық Ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары, полковник Ниязтай Әлкешов эстафетаның мақсаты Ұлы Отан соғысында Отанын жанқиярлықпен қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерлігіне құрмет көрсету екенін жеткізді. Айта кету керек, Жауынгерлік тудың көшірмесі республикалық маңызға ие 3, облыстық деңгейдегі 14 және шағын 7 қаладан өтетін болады. Эстафета барысында соғыс және еңбек ардагерлерімен 68 кездесу өткізу жоспарланған.

Сондай-ақ, кеше Жауынгерлік ту көшірмесі И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-гимназиясы оқушыларына таныстырылып, мұнан кейін ту ұстаушы топ Ұлы Отан соғысының ардагерлері Бөрібай Құлманов, Любовь Колесниктің үйіне арнайы барды. Ардагер үйінің алдында әскери оркестр соғыс жылдарындағы әндерді орындап, ҚР Ұлттық Ұланының әскери қызметшілері салтанатты шерумен өтті.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

**Қазіргі таңда әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуға бет бұрған Қазақстан үшін шағын және орта кәсіпкерлік саласын дамыту – өзекті мәселе. Шын мәнінде, бұл сала – ел экономикасының ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі.**

**2017 жылы ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Назарбаев елімізде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті, оның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту, әсіресе ауылдық елді мекендерде шағын кәсіпкерліктің дамуына басымдық беруді міндеттеді. Бұл бағытта 2017 жылы елімізде «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды.**

# ЕКІНШІ ЖЫЛДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

## ЖОЛ БАСЫ

Елбасының кәсіпкерлік саласында ұстанған саясатын жүзеге асыру мақсатында өңірлік деңгейде облыс әкімдігінің, облыстық мәслихаттың, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының, қоғамдық кеңес және өңірлік кәсіпкерлер палатасының бірлескен шешімімен «Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы» жарияланды.

Үкіметтік және өңірлік бағдарламаларды біріктіріп, оны тиімді пайдалану және бағдарламалар шеңберіндегі қаражаттарды ауылдық елді мекендердің азаматтарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Жол карталары әзірленіп, әртүрлі көздерден 2018 жылы 32 млрд теңге, 2019 жылы 44 млрд теңге қаражат жұмылдырылды.

Оған қоса, ауылдық жерлердегі жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қайтарымсыз гранттар мен шағын несиелерге қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін арнайы алгоритм, типтік бизнес-жоспарлар әзірленіп, жобаларды сүйемелдеу үшін әрбір ауылдық округке облыстық деңгейден жауапты тұлғалар бекітілді.

Облыс бойынша 2,5 мың жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар ісін бастауға мемлекеттік бағдарламалар аясында 1,7 млрд теңгеден аса қайтарымсыз грантқа қол жеткізді.

## 6 МЛРД ТЕҢГЕ ШАҒЫН НЕСИЕ

Екі жыл қатарынан облыс бойынша 1,5 мыңнан аса жұмыссыз бен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға және кәсіпкерлерге 6 млрд теңгеге жуық шағын несиелер бағытталды. Тұрақты бизнестің 139 жобасына екінші деңгейлі банктердің 3,9 млрд теңге несие қаражаты қарастырылып, ұсынылған несие қаражатының проценттік мөлшерлемесі «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидияланды. Облыстың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттің кепілдігін алуға қосымша мүмкіндік берген «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы Үкімет қаулысымен 2025 жылға дейін ұзартылды.

Бұдан бөлек, елімізде өткен жылдан бастап өңдеуші өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған «Қарапайым заттар экономикасы» үкіметтік бағдарламасы іске асырылды. Жыл көлемінде кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейлі банктер арқылы 1,9 млрд теңге несие қаражатымен қаржыландырылған 43 жобасы бағдарлама аясында субсидияланды. Бұл бағдарламаның өңірімізде жаңа өндіріс көздерін ашып, экспорт көлемін ұлғайтуға және облысқа инвестиция тарту үшін жаңа мүмкіндіктер беретіндігін түсінуіміз қажет.

**2-бет.**

ӨЗЕКТІ




**Қытайдан шығып, бірнеше мемлекетке тараған коронавирус кеселі туралы соңғы бір-екі тәуліктегі ақпараттарды сараптағанда, Хубэй провинциясынан басқа жерлерде коронавирус жұқтырғандардың саны азайғаны байқалады. 22 ақпан күні Хубэйден басқа жерлерде тек 18 жаңа факт тіркелсе, ҚХР-дің 21 ауданы коронавирус тіркелмегенін мәлімдеді. Денсаулық сақтау комитетінің мәліметінше, 22 ақпанда тіркелген 648 жағдайдың 630-ы Хубэй провинциясында анықталған.**

**2-бет.**

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

# АЛАЯҚТЫҚ АСҚЫНЫП ТҰР

**Аз ақша салып, еселенген қаржыны қалтаға басу. Осыны ойлағандар қаржылық пирамидаларға бар жиғанын «құйып», сан соғып жатыр. Мұндай факт көп. Апта ішінде бұл жағдай тағы қайталанды. Жеке бір адам емес, тұтастай компанияның қитұрқы әрекетке барғаны мәлім болды. «Гарант 24 Ломбард» деп аталатын компанияның арбауына еліміздің бірнеше аймағындағы мыңдаған салымшы түсті. Енді олардың полицияға арызданудан басқа амалы жоқ.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

Тарқатып айтсақ, аталған қаржы ұйымы өткен жылдың соңынан бастап әрекет ете бастаған. Олар салымшыларды өз ұйымына қаржы салған жағдайда қомақты ақша табатынына сендірген. Нәтижесінде бөтеннің мүлкін айлалы жолмен иемденіп алған. Қазір қылмысты ұйымдастырушылар ҚР ҚПК-нің 128-бабы бойынша тұтқындалуда. Бұған дейін Атырау, Павлодар, Тараз және Қарағанды қаласындағы «Гарант 24 Ломбард» серіктестігі аймақтық филиалдарының басшылары ұсталды. Ал, кеше Ақтөбенің қақ ортасындағы қаржылық ұйымның алдына 100-ге жуық салымшы жиналып, кеңсенің тас-талқанын шығармақ болған. Кейбіреуі іштегі сейфті алып қашпақ болыпты. Тәртіп сақшылары ашынған жұртты сабырға шақырғанымен, оларды тоқтамға келтіру қиынға соққан көрінеді.

Ең қызығы, осы ломбардтың жарнамасын жүргізгендер ішінде танымал әншілер мен актерлар бар. Олар қазір алаяқтық әрекеті әшкере болған компанияға қатысты пікірлерін әлеуметтік желілерде жаппай жариялауда. Мәселен, белгілі актер Асылхан Төлепов «Біз де сіздер секілді алдандық!» деп барша халықтан осындай жарнамаға қатысқаны үшін кешірім сұрады. Бауыры Артур Төлепов, әнші Айқын Төлепберген мен вайнер Мейіржан Түребаев та алданғанын хабарлады.

Зардап шеккендер қатарында біздің аймақ тұрғындары да бар. Жуырда өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Шамшидин Амитов бүгінде 70-тен астам тұрғынның шағымданғанын мәлімдеді. Ең көп салынған қаржы 10 млн теңгеге дейін барады. Өкініштісі, бұл цифр әзірге нақты емес. Қаржылық пирамиданың қақпанына түскендер бұдан да көп болуы мүмкін.



– ҚР Қылмыстық кодексінің 217-бабының 2-бөлігімен қаржылық пирамиданы құру дерегі бойынша қылмыстық іс тергелуде. Қазіргі таңда 70-тен астам тұрғын полицияға шағымданды. Сондай-ақ, бұл мәселеге байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп, материалдық шығын есептелуде, – деді Ш.Егенбердіұлы.

Сонымен қатар Шамшидин Амитов тұрғындарға «Гарант 24 Ломбардтың» қылмыстық әрекеттерімен шығын келтірілген болса, облыстық полиция департаментіне келуін немесе 29-50-46, 29-50-25, 29-75-20 телефон нөмірлеріне хабарласуларын сұрады.

P.S. Психолог мамандар «Ауадан ақша жасаймын» деген ой көбіне аңғал әрі сенгіш жандарға келетінін айтады. Тағы ақшадан таршылық көргендер тығырықтан тез шығудың жолын іздеп, бұл қақпанға түсіп қалады. Статистикаға сүйенсек, елімізде мыңдаған адам осындай қаржылық пирамидадан зардап шегіп отыр. Құқық қорғау органдарының өкілдері күмәнді компанияларға қаржы салмауды ескертуінің кемі жоқ. Қысқасы, оңай олжа опық жегізбей қоймайтынын естен шығармасақ екен.

№29 (19905) 25 ақпан, сейсенбі 2020 жыл

# ЕКІНШІ ЖЫЛДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

## ТЫҢ ИДЕЯДАН – ТЫНДЫРЫМДЫ ТІРЛІККЕ

Мемлекет тарапынан бизнесті қолдау мен дамыту жолындағы тиімді механизмдердің бірі – бұл кәсіпкерлік негізіне оқытулар ұйымдастыру. Бұл қолдау шарасы кәсіпкерлікті ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету, кәсіпкерлердің біліктілігін және кәсіпкерлер қызметінің өнімділігін арттыру, сонымен қатар іскерлік байланысты орнату бағытында жүреді. Оны іске асыру кәсіпкерлікпен айналысуға ниеті бар өңір тұрғындарының арасында үлкен сұранысқа ие. Оқуға ниет білдірген тұрғындар санының өсімі бұған дәлел болады. 2018 жылдың қорытындысымен мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 3 мыңға жуық жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар кәсіпкерлік негіздеріне оқытылған болса, былтыр оның саны екі есеге ұлғайып, 6 мыңнан асты. Бұл – әрине, тек мемлекеттік бағдарламалар аясындағы қолдау шаралары. Бұдан өзге, облыста әкімшілік кедергілерді азайту бағытындағы жұмыстар да жалғасын тауып, әртүрлі тақырыптағы іс-шаралар, яғни, форумдар, семинарлар, көрме-байқаулар, тренингтер де өткізілуде.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту жылдары аясында 2018 жылы кәсіпкерлік саласындағы барлық мекемелер бір бизнес орталыққа біріктірілген «Кәсіпкерлер үйі» ашылды. Онда әкімшілік кедергілерді барынша қысқарту, бизнеске қолайлы жағдайлар жасау бағытында жұмыс жасап, өңір тұрғындарымен қатар, кәсіпкерлеріне «бір терезе» қағидаты негізінде Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы сапалы қызметтер ұсынып келеді. Орталық былтырғы жылы кәсіпкерлерге жер мәселесі, сәулет және құрылыс, инженерлік желілерге қосылу, мемлекеттік кірістер, қаржыландыру институттарының шарттары, инженерлік коммуникацияларға қосылу, банкке дейінгі және одан кейінгі жобаларды сүйемелдеу бойынша 10 мыңнан аса қызмет көрсетті. Қазіргі күні Үкімет тапсырмасына сәйкес орталықтың қызметін кеңейту бағытында «Бизнеске арналған үкімет» бірыңғай сервис орталығын ашу жұмыстары атқарылуда. Оған қоса, кәсіпкерлік саласындағы іс-шаралардың басым бөлігі осы «Кәсіпкерлер үйінде» өткізіледі. Өткен жылы облыс көлемінде өңір кәсіпкерлерінің, оның ішінде жастардың, мүгедек кәсіпкерлердің Қызылорда қаласында «Іскер әйел – кәсіпкерлер» облыстық форумы, Қармақшы ауданының III Интернационал ауылдық округінде «Ауылдық елді мекендердің жас кәсіпкерлер форумы», «Жас кәсіпкерлер форумы», «Өзіңе сене баста!» көрме-байқауы бағытындағы басқосулары өтті.

Жас кәсіпкерлерге қолдаулар тек форумдармен шектелмей, жастар арасында кәсіпкерлікті дәріптеу, кәсіпкерлік және презентация жасау қабілеттерін дамыту, оған қоса бизнес-идеяларды тудыру қабілеттерін дамыту үшінші жыл қатарынан жалғасын тапқан «Байқоңыр Start-Up 3» бизнес-идеялар конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс барысында жастар қызықты бизнес-жоспарлар, ал кейбіреулері тіпті болашақ өнімдер мен қызметтердің прототипін жасай алды. Бизнес-идеялар спорттық робототехника жобасынан, гипсті лепнинін шығарудан бастап, кинотеатрлардың жаңа нұсқаларына дейін алуан түрлі болды. Сондай-ақ, қатысушылар өңір тұрғындарына арналған бірнеше онлайн-сервис ұсынды.

Бұдан бөлек, «Қазақстанның үздік тауары-2019» өңірлік тауар өндірушілер байқауы және кәсіпкерлік саласында түрлі семинарлар мен тренингтер өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кәсіпкерлермен кездесулер, бизнес-қауымдастық өкілдерінің бірыңғай есеп беру күні өтті. Мемлекет тарапынан жасалып отырған барлық қолдау түрлері қазіргі уақытта кәсіпкерлік ортаның дамуына айтарлықтай импульс беріп, жалпы еліміздің экономикасының өсуіне алғышарт жасауда.

1-бет.



Шаралардың басты мақсаты – мемлекет пен бизнес өкілдері арасындағы көпірді нығайту деп ойлаймын. Бастысы, мемлекет пен бизнес арасындағы осы байланыс арнасын сақтап, аталған шаралар арқылы одан әрі күшейтуге жұмыстар жасауымыз қажет. Бұл бағытта осындай іс-шаралардың көзге көрінер ықпалы бар. Мемлекеттік функцияларға жасалған талдауларда түрлі салада 500-ден аса бақылау түрі бар екен. Бұл тотальді мемлекеттік бақылауды білдіретінін көрсетті.

## МОРАТОРИЙ МҮМКІНДІГІ

Өткен жылы Мемлекет басшысының халыққа арнаған алғашқы Жолдауы еліміздің микро және шағын бизнес өкілдері үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. Жолдаудағы микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері табысқа салынатын салықты 3 жылға босату туралы және оларды тексеруге тыйым салу жөнінде мораторий жасау тапсырмасы берілді. Мораторий кәсіпкерлерді артық шығыннан босатып, 3 жыл мерзімде түскен табысын тек қана өзінің кәсібіне жұмсауға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өңіріміздің бизнес потенциалын көтеруіміз қажет.

Соңғы екі жылда облыстың жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъекті саны 23,6 процентке, яғни 8 847 бірлікке ұлғайып, бүгінде оның саны 46 297-ні құрады. 5 жылдың ішінде өңірімізде шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 4,9%-ке ұлғайып, 2018 жылдың қорытындысымен 16,9%-ке жетті. 2019 жылдың қорытындысымен 18 процентке жеткізу көзделуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, шағын және орта кәсіпкерліктің жалпыөңірлік өнімдегі үлесін 35-ке жеткізу міндеті қойылған. Биыл осы бағыттарда жұмыстар жасалатын болады.

## САУДА МЕН ТУРИЗМ – ТАБЫС КІЛТІ

Кәсіпкерлік саласының дамуының табысты кілті – ол сауда және туризм саласы. Сауда – жалпы экономиканың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі.

Осыған орай, сауда саясатын күшейту мақсатында былтыр Сауда және интеграция министрлігі құрылды. Бұл өз кезегінде, жалпы саланың дамуына оң серпіліс беріп, өзекті мәселелердің шешілуіне жағдай жасады. Мәселен, «Сауда саясатын дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» әзірленуде. Қазіргі таңда, бағдарламаның тұжырымдамасы дайындалды. Тұжырымдамаға сәйкес, мемлекеттік бағдарламаның міндеті – сыртқы, ішкі, биржалық, шекаралық, электронды сауда салаларын дамыту. Сондай-ақ, тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі, тұтынушылардың құқығын қорғау және сауда-көлік инфрақұрылымын дамыту міндеттері қамтылған.

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2019 жылдың 9 айына облыстың жалпыөңірлік өнім көлемінің 7 процентін немесе 99,8 млрд теңгені құрады. Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың 17,6 проценті немесе 58,5 мың адам сауда саласында жұмыс істейді. Сонымен қатар, облыс көлемінде 2019 жылғы қаңтар-желтоқсанына бөлшек сауда көлемі 280,9 млрд теңгені немесе 2018 жылдың сәйкес кезеңіне 101,5%-ті құрады. Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі азық-түлік тауарларының үлесі 90,2 млрд теңге немесе 32,1%, азық-түлік емес тауарлар 190,7 млрд теңге немесе 67,9%.

Облыс аумағында жалпы сауда алаңы 233,7 мың шаршы метр құрайтын, 6 827 орны бар 37 сауда базары тіркелген. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қала аумағында орналасқан әмбебап базарлар стационарлық сауда объектілеріне көшірілуі тиіс. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қазіргі заманғы форматтағы сауда объектілерін салу жобалары бойынша субсидиялау қарастырылған. Осы орайда, сауда базарларының басшыларымен, кәсіпкерлермен жиналыстар, кездесулер өткізу арқылы тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кезең-кезеңімен стационарлық сауда объектілеріне көшірілуде. Бұдан өзге, облыс бойынша сауда саласына арналған тиісті іс-шаралар да тұрақты түрде өткізілуде.

Былтыр «Қызылордада жасалған» жергілікті тауар өндірушілердің көрмесі өткізіліп, 30-дан аса жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, азық-түлік, қолөнер бұйымдары саласындағы жергілікті тауар өндіруші кәсіпорындар қатысты. Облысымызда сауда саласынан бөлек бағыттарда өткізілетін түрлі іс-шаралар аясында, жергілікті тауар өндіруші кәсіпорындарының көрмесі жиі ұйымдастырылады. Мақсат – облысымызда өндірілетін тауарларды халық алдында кеңінен насихаттау.

Қазір мемлекет тарапынан жалпы сауда саласының болашағы – электронды саудаға басым көңіл бөлінуде. Үкімет тарапынан электронды саудамен айналысушы кәсіпкерлерге қолдау көрсетілуде. Мәселен, Салық кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, интернет-саудамен айналысушы кәсіпкерлер жеке табыс және корпоративті табыс салықтарынан 100% босатылған.

«Электрондық коммерцияны дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған жол картасы» бекітіліп, нәтижесінде 2025 жылға қарай электрондық сауданың үлесін қазіргі 2,9%-тен 5%-ке дейін арттыру жоспарлануда. Өз кезегінде, өңірімізде электронды сауданы дамыту бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, семинар-тренингтер өткізілуде.

Дүниежүзілік экономикада туризм – мұнай және автомобиль экспорты табысынан кейінгі тұрақты 3-ші орында келе жатқан сала. Туризм саласына келетін болсақ, былтырғы жылдың қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысы бойынша жалпы облысқа келушілердің саны 27,4 %-ке өсіп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 54 601 адамды құрап, оның ішінде резидент 52 527, резидент емес 2 074 адамды құрады.

Облыстық статистика департаментінің мәліметінше, қазіргі таңда өңірімізде орташа құны 7 499 теңгені құрайтын 107 орналастыру орны бар. Орналастыру орындарында бір жолғы сыйымдылығы 3 378 төсек-орынды құрайтын 1 418 нөмір қарастырылған. Облыстың 18 қонақ үйі халықаралық «Booking.com» интернет-броньдау жүйесінде тіркелген. Жоғарыда аталған кезеңде 54 601 адамға 774 млн теңге сомасына қызмет көрсетілді.

Сыр елін туристік аймаққа айналдыру – өңіріміздің негізгі жоспарында тұрған мәселелердің бірі. Осы бағытта көптеген маңызды шешімдер қабылданды. Мәселен, өңіріміздің туристік сипатын көтеріп, өзге аймақтарға көрсету мақсатында Қызылорда облысының делегациясы Ташкент қаласында өткізілген «Өзбекстандағы Қазақстан жылының ашылуына» және Алматы қаласында жыл сайынғы «KITF-2019», Нұр-Сұлтан қаласында «PATA Travel Mart-2019» халықаралық көрмелеріне қатысқан болатын.

Сонымен қатар, облыс аумағында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қамыстыбас ауылдық округінің «Қамбаш» демалыс аймағында «Менің Отаным – Қазақстан!» атты облыстық туристік слеті және Дүниежүзілік туризм күніне арналған облыстық туристік фестивалі өткізілді. Іс-шаралардың өткізілу мақсаты – жасөспірімдер мен жастар арасында бұқаралық туризмді дамыту, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, туризм әдістерінің көмегімен салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, үздік команданы анықтау, сондай-ақ, тәжірибе алмасу.

Облыстағы ірі туристік жобаларға келер болсақ, Үкімет қаулысымен «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілген болатын. Бұл ретте, бағдарлама аясындағы Қазақстан Республикасының туристендіру картасына облыстан 3 туристік нысан – «Қамыстыбас» демалыс аймағы, «Жаңақорған» шипажайы, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағы енгізілген. Облыс төңірегіндегі іске асырылып жатқан ең ауқымды жобалардың бірі – «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру жобасы туристендіру картасының ТОП-10 нысандар тізімінде.

ҚР Туристендіру картасына аймағымыздан енгізілген нысандар жөнінде айта кетсем, ең алдымен ТОП-10-ға енген «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру жобасы басты назарда болып отыр. АҚШ-тағы Флорида штатының Канаверал мүйісіндегі ғарыштық туризмнің дамуы үлгісінде «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы туристік әлеуетті одан әрі дамыту мақсатында «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру тұжырымдамасы әзірленді.

Қармақшы ауданына қарасты «Батыс Европа-Батыс Қытай» автокөлік жолының 1579 шақырымында, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру үшін жалпы көлемі 50 гектар жер учаскесіне 30.05.2023 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы табысталды.

Бұған қоса, ТМД елдерінде «Байқоңырға» теңдес жобаның болмағандығын ескеріп, ғарыштық туризмді дамытудағы алғашқы жоба ретінде оны жүзеге асыруға қызығушылық танытып отырған шетелдік инвесторлар бар. Солардың бірі – кореялық «К2АТ» компаниясы. Облыс әкімдігі мен инвестор арасында меморандумға қол қойылып, оның аясында инвестор бірінші кезеңде жобаға 84 млн АҚШ долларын (32 млрд теңге шамасында) инвестициялауға ниет білдірді.

Қазір жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Жиынтық есептемелері әзірленгеннен кейін, мемлекеттік бағдарламада көрсетілгендей, инфрақұрылым жүргізуге қаралатын қаржы республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылатын болады деп жоспарланып отыр.

Өңіріміздің туризм саласының дамуына тікелей әсер еткен бағыттардың бірі – «Батыс Европа - Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізі. Автокөлік дәлізінің Қазақстан Республикасының аумағынан 2787 шақырым өтсе, ал біздің облыс аумағынан 812 шақырым өтеді. «Батыс Европа - Батыс Қытай» халықаралық автомагистралінің Қызылорда облысы аумағына қарасты бөлігінде, қызмет көрсету нысандардың құрылысына арналған 44 нүкте белгіленген. Қаңтар айындағы жағдай бойынша инвестицияның жалпы сомасы 6 млрд 261 млн теңгені құрайтын 29 нысан пайдалануға берілген (оның ішінде 15-і интернетке қосылған, POS-терминалдармен төлеу мүмкіндігі бар). 732 тұрақты жұмыс орны құрылды. Қолданыстағы 29 нысанның 19-ы «Google maps» және «Yandex карта» жүйесіне енгізілді.

Биыл да кәсіпкерлік, сауда және туризм саласын қолдауға бағытталған жұмыстар жүйесі жалғасын табатын болады.

**Ф.ҚОЖАБЕРГЕНОВ,**
**облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы.**

# КЕСЕЛДІҢ БЕТІ ҚАЙТА МА?

«30 қаңтардан бастап бірнеше ауданда коронавирус тіркелмеді. Алғашқылардың бірі болып Тибет автономды ауданы коронавирустың жаңа фактісі тіркелмегенін мәлімдеді. Одан кейін Цинхай провинциясында 17 күн бойы осындай жағдай сақталып тұр. Соңғы тәулікте 21 ауданда коронавирустың жаңа фактісі тіркелмеген» деген мәлімет бар.

Аурудың алдын алу мекемелері мен медициналық мамандардың алғашқы тексеру-зерттеуінің қорытындысы коронавирустың жабайы жануарлардан адамға жұғуы, одан адамдар арасында таралуы мүмкін дейді. «3 ақпан күні Мемлекеттік базар бақылау-басқару бас мекемесі, Экологиялық қоршаған орта министрлігі, Мемлекеттік орман шаруашылығы және жайылым мекемесі секілді 10 министрлік пен комитет жабайы жануарларды заңға қайшы саудалауға тыйым салу үшін арнаулы заң ережесін бірлесіп белгіледі. Індет таралған мезгілде бүкіл ел бойынша ең қатаң басқару-тізгіндеу шаралары атқарылып, жабайы жануарларды саудалауға жаппай тыйым салынды» деп жазады БАҚ. Осыған сәйкес Қытайдың Жабайы жануарларды қорғау қоғамы арнайы үндеу жариялады. «Жабайы жануарларды азық ретінде жеуді тоқтатайық және оларға еш жақындауға болмайды. Қажет болған жағдайда қауіпсіз аралықты сақтайық. Бұндай тыйым салынған жануарларды заңсыз саудалайтын базарлар және заңға қайшы әрекеттер байқалса, сол жердегі басқарушы немесе заң атқару орындарына дереу хабарлансын» деп мәлімдеген.

Ал Оңтүстік Кореяда жаңа коронавирустан жетінші адам қаза тапты, тағы 161 адам індет жұқтырды. Осылайша, бұл елде жалпы дертке шалдыққандар саны 763 болды. Денсаулық сақтау органдары өкілдерінің айтуынша, Чхонда оңтүстік-шығыс аумағындағы емханаға барған 62 жастағы ер азамат жексенбі күні коронавирустан өмірден өтті. Қазіргі уақытта Қытайдан келген індет жеті адамның өмірін қиды. Билік өкілдері вирус таралып жатқан екі негізгі ошақты атады, олар – оңтүстік-шығыстағы Тэгу қаласындағы діни секта мен көршілес Чхонодағы емхана. Елдегі дертке шалдыққандардың жартысынан көбі осы аумақта тіркелген. Вирус жұқтырған жаңа 161 адамның 142-сі Сеулден оңтүстік-шығысқа қарай 300 шақырым қашықтықта орналасқан Тэгу қаласы мен көршілес Солтүстік Кенсанда анықталды. Тағы үш оқиға – Сеулде. Жексенбі күні Оңтүстік Корея вирусты ескерту дәрежесін ең жоғарғы – «қызылға» дейін көтерді. Бұл мектептерді уақытша жабуға, Оңтүстік Кореядан шығатын және келетін рейстердің санын қысқартуға мәжбүрледі. Коронавирустың таралып кетуін болдырмас үшін Білім министрлігі барлық балабақшалар мен мектептерге жаңа семестрдің басталуын бір аптаға шегере тұруды тапсырды.

Италияның Венето ауданында дәстүрлі Венеция карнавалын өткізуге тыйым салынды. «Венеция карнавалының көпшілікке арналған іс-шаралары барлық құзырлы органдармен келісе отырып, екі күн бұрын тоқтатылды» делінген ұйымдастырушылар таратқан хабарламада. 23 ақпан күнгі мәлімет бойынша, Италияның Ломбардия және Венето провинцияларындағы 12 қалаға коронавирусқа байланысты карантин енгізілді, елді мекендердегі 50 мыңға жуық тұрғын үйде қалуға мәжбүр. Еске сала кетсек, Италияда коронавирустан үшінші адам қайтыс болды. Қазіргі уақытта 150 адам ауруға шалдыққан. Сенбі күні Италия үкіметі екі адам қайтыс болғаннан кейін коронавируспен күрес бойынша «төтенше шаралар» қарастыратынын мәлімдеп, елдің солтүстік аймағының тұрғындарына өз үйлерінен шықпауға кеңес берді. Сонымен қатар, Милandағы «Ла Скала» театры жексенбі күні коронавирус инфекциясына байланысты сақтық үшін жұмысын тоқтатқанын мәлім етті.

Иранның да кейбір провинциясының билігі коронавирус таралмауы үшін бірқатар оқу орындарын жабу туралы шешім қабылдады. Алғаш рет коронавирус тіркелген Кум провинциясында екі күнге – жексенбі және дүйсенбі күндері – барлық мектептер мен жоғары оқу орындарын жабу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, Тегеран, Керманшах, Хамедан, Казвин, Ардебиль, Мазандаран, Альборз және Голестан провинциялары да осындай ұйғарымға келді. Маркази және Гилян провинцияларында оқу орындарын бір аптаға жабу туралы шешім қабылданды. Бұдан бөлек, коронавирустың таралуына жол бермеу жедел штабы елде 10 күнге – 24 ақпаннан 5 наурызға дейін барлық спорттық шаралардың тоқтатылғанын хабарлады. Иранның мәдениет министрлігі де 28 ақпанға дейін елде ешқандай мәдени бағдарлама болмайтынын жариялады. Иранда жаңа типті коронавирус жұқтырғандар саны 29 адамға жетті, алты адам қайтыс болды.

**«СБ» ақпарат.**

1-бет.

# «Шақырусыз келген қонақтар»

**3726 іскерлік және 274 жұмыс визасы, 26 фигурант, Қазақстанда, Қырғызстанда және Қытайда 48 жалған кәсіпорын, қылмыстық әрекеттен түскен табыс 1 300 000 АҚШ долларынан астам соманы құрады.**

Кейбір адамдар өмір бойы жеңіл ақша табу жолында жүрсе, енді біреулері оған уақыт өте келіп жатады. Заң мен моральдық нормалардан аттай отырып, әртүрлі тәсілдермен баюға болады, солардың бірін О.Бахриденова пайдаланбақшы болған еді. Бірде оған Қазақстан аумағына шетелдіктерді заңсыз кіргізумен айналысу ойы келеді. О. Бахриденова осы бағытта белсенді түрде жұмыс істей бастайды. Біраз іздестіргеннен кейін ол ақпараттық технология мен электрондық-цифрлық қолтаңба бағыты бойынша білімі бар В.Жаңғазинмен танысады. Одан әрі электрондық үкімет порталы арқылы іске қатысы жоқ адамдарға жалған фирмалар тіркеле бастайды.

Көп ақшаға деген құмарлық, сондай-ақ өз-өзіне деген сенімділік О.Бахриденоваға барлық тәуекелдерді есептеуге мұрша бермейді. Ал, заңсыз көші-қон арнасы болса ҰҚК жедел уәкілдерінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Кезекті тексерулер барысында ҰҚК Атырау облысы бойынша департаментінің қызметкері осы саламен айналысатын басқа компаниялармен салыстырғанда мақұлданған визаларының санымен біршама ерекшеленген ұйымға көңіл аударады. Фирманы белгілі бір арызбен тексеру туралы шешім қабылданады, оның барысында жедел уәкіл жеке үйге тап болады, бірақ бұл ғимаратта ешқандай кеңсе жоқ екені және болуы мүмкін емес екені бірден байқалады.

Үй қожайынынан сұрау алу да шетелдіктерді Қазақстанға заңсыз кіргізу бойынша ықтимал алаяқтық жолын көрсетті. Осы фактілер мен белгілердің барлығы жедел зерттеу жүргізу үшін негіз болып, ол 2017 жылғы қазанда бастау алды. Атыраудың тұрғыны О.Бахриденова, тергеу көрсеткендей, 6 жалған компанияның мүддесін білдіре отырып, Атырау облысы полиция департаменті көші-қон қызметі басқармасындағы өзінің қылмыстық байланыстары арқылы 429 шетелдікке іскерлік арнасы бойынша қолдаухатты заңсыз келіскен.

Алайда, бұл теңіздің тамшысы ғана болғанмен, шетелдіктерді заңсыз шақырумен айналысатын қылмыстық қоғамдастық ақырының басы болатын. О.Бахриденованы зерттеу барысында ҰҚК Атырау облысы бойынша департаментінің қызметкерлері астанада орналасқан тағы бір қылмыстық топты анықтайды. Алаяқтар компанияларды тіркеу үшін О.Бахриденова сияқты заңсыз жолмен алынған электрондық-цифрлық қолтаңбаларды пайдаланған. Одан әрі жалған кәсіпорындардың әрекетін заңды етіп көрсету үшін жалған сенімхаттар дайындап, оларды бұрынғы нотариустың қалпына келтірілген мөрімен, кейіннен әрекеттегі нотариустарының мөрлерімен растаған. Мөрлерді жалған сенімхаттардың көмегімен полиграфиялық компанияларда дайындатқан. Одан әрі жалған ұйымдар атынан Қытайда және Қырғызстанда тіркелген фирмалармен қызмет көрсетуге жалған шарттар жасалып, олар да нотариустарда түпнұсқалары көрсетілместен расталған. Жалған шарттар негізінде шетелдік азаматтарға шақыру хаттар ресімделіп отырған.

Қылмыстық топты ҚХР азаматы Чиу Тонгкун мен Нұр-Сұлтанның тұрғыны Э.Нұрқанова басқарған. Сонымен, екі пысық азаматтың одағы 2014-2016 жылдар кезеңінде шетелдегі консулдық қызметтердегі сыбайластары арқылы шетелдіктерге 2000-нан аса шақыру ресімдеуге мүмкіндік берген. 2017 жылғы қаңтарда виза берудің жаңа қағидаларының енуіне қарамастан, араны ашылған теріс пиғылдылар тоқтай алмайды. Визалық қолдауды кедергісіз келісу туралы алдын ала уағдаластық бар көші-қон қызметінің басқармасында өңірлерде жалған кәсіпорындарды тіркеудің жаңа тәсілдері пайда болды.

Теріс пиғылдылардың заңсыз әрекетінің ауқымы, жүйелілігі, қылмыстық байланыстары ҰҚК жедел уәкілдерін таңқалдырды, олар Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау және Қызылорда қалаларында, сондай-ақ, Қырғызстан мен Қытайда тіркелген 48 жалған кәсіпорынды анықтады. Бұдан басқа, қылмыстық топқа Қазақстанның мемлекеттік органдарының өкілдері жәрдем көрсеткен.

ҰҚК Атырау облысы бойынша қызметкерлері күдіктілердің кінәларына жеткілікті дәлел жинап, оларды ұстау туралы шешім қабылдайды да, оны бір мезгілде еліміздің бірнеше өңірінде жүргізеді. Операция алаяқтар мен осыған қатысы бар мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орындары мен тұрғылықты жерлері бойынша жүргізілді. Нәтижесінде 20 адам ұсталып, оларды 2019 жылғы ақпан мен қазанда сот кінәлі деп танып, әртүрлі мерзімдерге бостандықтарынан айыру мен шектеуге, сондай-ақ ақшалай айыппұлдарға үкім шығарды. Осы қылмысқа қатысқан ҚХР-дың екі азаматы және ҚР-дың бір азаматы халықаралық іздестіруде, тағы үш адамға қатысты тергеу іс-қимылдары жалғасуда.

ҰҚК-ның осы операциясы қызмет бабы бойынша көші-қон мәселесімен байланысты мемлекеттік органдардың өкілдеріне оң ықпал етті. Енді тек осындай арналардың көмегімен елімізге әртүрлі қылмыстық элементтерді, террористер мен басқа да қылмыскерлердің өтіп кетпейтініне сену ғана қалады.

Дегенмен де, көп жағдайда оған жүйелі тұрғыда қарау қажет. Заңды тұлғаларды тіркеуді және көші-қон қызметінің жұмысын регламенттейтін заң актілерін қайта қарау керек. Электрондық үкімет порталында заңды тұлғаларды қағаз жүзінде тіркеу, нотариустардың өз уәкілеттіліктерін теріс пайдалану мәселелері ашық түрде қалып отыр. Ұлттық қауіпсіздік комитеті іске асырған операциялар бұдан да көп сұрақты туындатты, бірақ ол басқа мемлекеттік органдарға қойылмақ.

**ҚР ҰҚК.**

ЖЕҢІС – 75

# ПОЛКТА ТАНЫСҚАН ҚЫЗ

## (эссе)

**Ақтөбедегі біздің полктен жүз шақты адам бір түнде майданға суыт аттандық. Танысып жүрген қызым Еленамен қоштаса алмай кеттім. Содан Елена 1942 жылы бір түнде менің туған жерім Қазалыдағы үйіме аттанған. Біздің үйге кірген бойда: «Мен Сүлеймен Сейітовтің болашақ жарымын, осы үйдің келінімін» деп басына тартқан ақ орамалымен иіліп, сәлем беріп, нағашы әжемнің қасына отырған. Сағыныш сезімін білдірген... Содан мені 1946 жылдың күзіне дейін күткен, жұмысқа тұрған, қысқасы, үйді асыраған. Осы жағын тереңдетіп жаз, бұл мына өсер ұрпаққа өнеге ғой, қарағым, бұл қазақ әйеліне ғана тән қасиет, төзімділік, сертке беріктік осындай-ақ болар...**

**(Майдангер Сүлеймен Сейітовтің әңгімесінен).**

Полк комиссары Сүлеймен Сейітов 1912 жылы туған, 100-ден асқан шағында өмірден озды. 1934 жылы әскерге алынған, Владивостоктағы полк мектебін, қазақтың журналистика институтын, Мәскеудің жоғарғы партия мектебін бітірген. Ақмола, Қызылорда облыстық «Есіл правдасы», «Ленин жолы» газетінде редактор болған, Қызылорда облыстық баспа, полиграфия басқармасын басқарып, зейнетке шыққан.

Сүйікті жары Елена Қабиқызымен елу жылдан астам өмір сүрген, ұл-қыз өсірген, немере сүйген. Ұлы Отан соғысына 1941 жылы шақырылып, содан 1946 жылы оралған.

...Көп қабатты үйдің төртінші қабатына көтерілдім, қоңырау соқтым. Есік ашылды, қарсы алдымнан өзіме таныс журналист, майдангер Сүлеймен аға шықты. Жүзі жайдары.

– Кір, кір, төрлет, қарағым, – деді де өз бөлмесіндегі диванға отырды. – Көз нашарлады, құлақ сыр бере бастады. Қарттық әмірін жүргізіп тұр. Танымай тұрмын.

– Қайырбекпін!

– Журналист Қайырбекпісің?

– Иә, Сүлеке, сізбен әңгімелесуге, сұхбаттасуға келдім.

– Бізді де іздеп келетіндер бар екен-ау?! Қатарластарым сиреп барады. Менімен сұхбат алудан бұрын компьютерге бастырған өмірбаяным бар. Соны оқып ал, сонан соң әңгімелесейік, жарай ма?

– Келістік. Жазушы Александр Бектің Бауыржан Момышұлын жазардағы әңгімесі секілді болды ғой, Сүлеке?

– Александр Бектің «Арпалыс» повесін айтып отырсың ғой?

– Дәл өзі.

Майдангер ағаға сұрақты қалай қоярымды білмей дағдарып отырдым. Өмірбаянын оқып шықтым. Бойым жеңілдегендей болды. Сүлекең бағанадан бері үнсіз отыр.

Майдангердің жастық шағы қиындықпен өтіпті. Ашаршылыққа, қуғын-сүргін зұлматына, сұрапыл соғысқа тура келген. Екі жасында анасыз, төрт жасынан әкесіз қалған. Бір інісі мен қарындасын нағашы әжесі бауырына басып, тәрбиелепті, оқытыпты, аш-жалаңаш етпепті. Әжесі әңгімешіл кісі екен, елге сыйлы болыпты.

– Қарағым Сүлеймен, біз кіші жүзден боламыз, руымыз керейт. Үш жүзге пір болған Мүсірәлінің ұрпағы екеніңді ұмытпа! Сенің жетінші атаң Қосымқожа әулие болған, – деп әжесі құлағына құйып өсірген көрінеді. Қайда жүрсең де бабаларыңа сыйын. Сонда жолың ашық болады.

– Әжемнің осы бір өсиеті мені шыңдады, білімге ұмтылдырды. Қазалы Ғанидың, кешегі Елеудің, Қашақбайдың отаны ғой. Бала кезімізде Қазалыда орыс ағайындар көп болды, тілін үйреніп өстік, мұның әскерде көп көмегі тиді. Мұны әскери мектептерде оқығанымда, борышымды өтеуде сезіндім, – деді Сүлекең бір сәт өткен өмірден үзінді келтіріп. Қыран бүркіттей қанатын қомдағандай болды да:

– Бір кезде «Правда» газетіне біздің Қазалыдан шыққан ғалым Мұстафа Матаев «Я сын Ефименко» деген тақырыппен орыс ағайындардың көмегін мөлдірете жазғаны бар. Тіл – достық, бірлік, татулық құралы. Тіл білгеннен зиян шекпейсің. Ақын Абай өнер, білімді, тілді жырлап өткен емес пе?!

– Әлі есімде, – деді Сүлекең



көз әйнегін қозғай отырып. – Мен әскери борышымды өтеуді 1934 жылы бастадым. Владивостоктағы полк мектебін бітіріп, елге аға сержант шенімен оралдым. Әскери газеттерге талай дүниелерім шықты. Сол талабым менің журналистік ортаға кіргізді. Екі бірдей облыста газет редакторы, партиялық жұмыста болдым. Тазалықты пір тұттым.

Ұлы Отан соғысы басталған кез. Обком хатшысы Рақымбай Төлебаевқа кірдім. Жиырма сегіз жастағы хатшы жылы қабылдады.

– Сүлеймен жай келдің бе? Шаруаңды айта бер.

– Жұрт жаппай майданға аттанды. Құрбы-құрдастарым түгелдей әскерде. Менің әскерге баруыма жол ашыңыз. Жауды жеңіп, жеңісті жақындатқым бар.

Хатшы ойланып ұзақ отырды.

– Жарайды, бұл патриоттық бастамаңды қолдаймын. Әскери комиссариатпен сөйлесейін, мәселені шешуді ойластырайық, – деп хатшы орнынан тұрып, қолымды қысты.

Көп ұзамай әскери комиссариаттан шақыру қағазы келді. Бір түнде Қызылорда вокзалынан жүз шақты жауынгер әскерге аттандық. Содан Ақтөбеден бір-ақ шықтық. Бізді іріктеуден өткізіп, отыз шақтымыз Ақтөбеде қалдық. Қалғандарымыз майдан даласына аттанды.

«Бұл қалай, менің соғысқа қатыспауыма не кедергі, Ақтөбесі несі?» деген ой мазалады. Бәрі кейін анықталды.

– Бұл кезде әскери жаттығудың көбісі Ақтөбеде өтеді екен. Қаладан бірер шақырым жерде №101 дербес атқыштар бригадасы жасақталған. Күні-түні жаттығу. Шыдау мүмкін емес. Тәртіп қатал. Алты ай бойы жаттықтық. Бойдағы артық еттен айырылдық, оқтай түзу шапшаң қимылдайтын солдатқа айналып шыға келдік. Менің қабілетімді, жаттығу өнерімді бағалап, әскери басшылар артиллерия дивизионына әскери комиссар етіп тағайындады. Жүгім ауыр екенін сезіндім, 500-дей солдат, отызға жуық офицердің уставтық тәртіпті орындауы менен сұралатын болды. Біздер офицерлер Ақтөбедегі жеке үйлерді жалдап тұрдық. Жалақымыз тәуір. Менің жалақым – 300 сом. Ол кезде бұл ақша мүлде көп.

Жас жауынгер, әскери комиссар Сүлеймен Сейітов А.Шәленов деген азаматтың бір бөлмесін жалға алып, алты айдай осы үйде тұрды.

Күндіз-түні жаттығудан сүрінe оралмыз. Кейде аптасына екі рет төрт сағаттай ғана серуендеуге рұқсат бар. Әскери офицерлер Ақтөбені олай-бұлай серуендейміз. Көбінекөп осындағы педучилищенің оқу корпусын, жатақханасын торуылдаймыз. Қыздармен танысамыз, – деп Сүлеймен ата әңгімені қыздыра түсті.

Тағдыр, шіркін, сан алуан оқиғадан тұрады ғой. Бір оқиғаны еске салайын.

– Ақтөбе көшелерін төрт-бес офицер серуендеп келе жатқанбыз. Алдымыздан қыздар кездесті. Бәрі педучилищенің қыздары. Орталарында көзі тостағандай, бұрымы төгілген қыз көзіме оттай басылды. Мен көз айырмай тұрдым. Ол да көз қиығын маған аударып, сәуле шашып тұрғандай көрінді. «Ау, мынау Елена ғой» дегенім есімде. Әлгі мен пәтерде тұратын А.Шәленов деген азаматтың қарындасы. Жатақханада тұратын. Оқта-текте ағасының үйіне келіп-кетіп жүретін. Сонда бір кездесіп қалғанбыз, сырласқанбыз. Жиі кездесуге уақыт жоқ, жаттығу. Түннің бір уағында пәтерге келіп, таңсәріден полкке тартамыз.

Айлар, күндер өтіп жатыр. Ағасының үйіне келгенде Еленамен жиі кездесіп тұрдық. Кейде қыздармен бірге біздің полкке келіп, казарманың алдындағы алаңда ән салдырамыз. Полктегі жігіттердің ішінде домбырамен күй тартатын, өлең айтатын жігіттерді қолқалаймыз. Танысу, серуендеу жалғаса берді. Сәл серуендеуге бұйрық алсам, Еленаның оқу корпусының алдында тұратын болдым. Көп күтем. Әйтеуір бір кезде Елена шығады. Серуендейміз, сырласамыз.

Әскери басшыдан бір күн сұрандым. «Танысып жүрген қызым бар, соның ертең туған күні еді. Құттықтауым керек!» деп әңгіменің төтесін айттым. Әскери басшы орыс жігіт еді, сәл жымиды да рұқсат берді. Педучилищенің оқу корпусының алдында Елена тұр. Менің келетінімді білгендей. Содан сырласып, біраз серуендедік. Әдебиетке құмар жан екен, Абай, Пушкиннен, Лермонтовтан әңгіме төгілтті. Баурап барады. Бейнебір махаббат жыршысы секілді. Мен Абайдың:

– Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас! –

деуім мұң екен, Елена Абайдың:

– Жарқ етпес қара көңілім
не қылса да,
Аспанда ай менен
күн шағылса да
Дүниеде, сірә,
сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық
табылса да, –

деп қарап тұр. Жүрегім алай-дүлей болды. Абайды жата-жастанып оқығанмын ғой. Сәлден соң Еленаға жауап ретінде Абайдың:

– Көзімнің қарасы
Көңілімнің санасы
Бітпейді іштегі
Ғашықтық жарасы, –

деген шумағын төгілттім.

Күн кешкіріп қалды. Әскери басшыдан сұрап алған уақытым таянып қалған секілді. Тәртіп қатал. Сағатыма қараймын. Аспан тынық. Желсіз. Екеумізге ай сәулесі түсіп тұр.

– Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

– Сүлеймен, ауылың есіңе түсті-ау деймін, – деп Елена жымиды. – Бүгін біраз уақыт сырластық, келесі кездескенше асығайық, – деп Елена қызға тән ілтипат көрсетті. – Біздің жатақханада тәртіп бар. Кешіксек, шара қолданатын заң бар. Сіздің полктегі тәртіптей.

– Жақсы, қош бол, Елена! – деді Сүлеймен.

Полкке келді. Жаттығу басталды. Түннің біраз уақытында пәтеріне жетті. Түнді ұйқысыз өткізді. Еленаның бойындағы махаббат сезімі бойын билеп, көз шырымын алдырар емес. Таң атты. Полкке келді. Әскери басшы ұмытылмас кездесу болғанын сезіп тұр.

Кенет жоғарғы қолбасшыдан күтпеген бұйрық түсті. 1942 жылдың бір түнінде Сүлеймен Сейітов басқарған бір полк жау шебіне аттанды. Еленамен қоштаса алмай қалды. Болашақ жары да аң-таң күй кешті. Елена полкке келіп, әдірісін сұрап, мазасыз күйге түсті деген хабар да жетті. Бұл алдымен Украина, одан соң Белоруссия майданындағы сұрапыл соғысқа кезікті.

Қуанышты сәт. Педучилищенің жатақханасына Сүлейменнен хат келді. Конверт сыртында «Елена Қабиқызына, тек өзіне, Сүлеймен» деген жазу тұр. Елена көзіне жас алып, оқып тұр.

«Сүйіктім Елена! Бүгін үлкен жарылыс болды, қатты жараландым. Қасымдағы төрт солдат, бір телефонист, радист топырақтың астында көз жұмды. Мен де бір шұңқырда көміліп ұзақ жаттым. Оққағарым топырақ астынан суырып, санчастіге әкелді. 15 күндей емделіп, бүгін полкке оралдым. Өзіңнің сүйіктің Сүлеймен, 1943 жыл, 10 ақпан Белоруссия. Глоца қаласы. Пошта жәшігі №15».

Полк комиссары бес жыл бойы Еленамен хат жазысуды үзбеді. Бүгін тағы да ойға түсіп отыр. Бас-аяғы соғыста жүргенде 30-дай хат жазғаны күнделігінде жазулы тұрғанын еске алды. «Сүйіктім Елена! Кешелі-бүгін Берлин оққа оранып тұр. Әр көше, кварталда соғыс. Дегенмен, Берлин құлауға бет бұрды. Рейхстагқа ту тігілер күн жақындап тұр. Жеңіс жақын. Сүйіктің Сүлеймен, 30 сәуір 1945 жыл».

Бейбіт өмір басталды. Полк комиссарына бірер жыл Будапештте кеңес әскерлерінің құрамында қызмет етуге тура келді. Саяси жұмыстар жөніндегі тәрбиеші болды. Будапешттен Еленаға хат жазды. «Сүйіктім Елена! Туған жерге – Қазалыға оралғалы тұрмын. Мәскеу-Алматы пойызына билет алдым. №24 пойыз, оныншы вагон. Өзіңнің сүйіктің Сүлеймен, 1946 жыл 10 қыркүйек».

– Әлі есімде, – деді Елена. – Қазалы вокзалы ығы-жығы. Ағайын-туыс Сүлейменді асыға күтіп тұрмыз. Бір кезде омырауы орденге толған, подполковник Сүлеймен вагоннан секіре түсті. Немере әжесін құшақтап, өксігін баса алмай тұрды. Сәлден соң мен де ыстық құшағына бөлендім. Ұмытылмас сол бір сәт есімнен кетпейді.

– Бір әңгімені ұмытып бара жатыр екенмін, енді соған оралайын, журналист мырза, – деді Сүлекең. – Бұл өзінше жыр. Тақырыптың құндылығын көтерем десең, осы бір эпизодты қос. Газеттің ауқымы көтерсе қоссаң, оқырман сүйсіне оқыр деп отырмын. Қалай қарайсың?

– Айтыңыз, Сүлеке?

– Ақтөбедегі жаттығу кезінде бір түнде майдан даласына аттанғанымды айттым ғой. Еленамен қоштаса алмағаным жүрегімді өртеді. Амал қанша, әскери тәртіп. Атақты Баукең: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген ғой.

Содан педучилищені бітірген бойда Елена Қабиқызы қолына дипломын алып, менің туған жерім Қазалыға тартқан. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Т.Дәуітбаевтың қабылдауына келген.

– Мен әскердегі Сүлеймен Сейітовтің болашақ жары едім, уәдеміз бар еді. Майданнан үзбей хат алып тұрмын. Аман-сау оралар деп отырмын. Сол кісінің босағасына барып, әскерден оралғанша күтпекшімін...

Көпті көрген Төлеген Дәуітбаев орнынан тұрып, Еленаны құшағына қысып, көз жасын төккені бар. Аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне меңгеруші етіп тағайындап, майдангер отбасында еңбек етіп, қамқор құшағына алғаны аңызға айналғаны бар. Дереу көлігімен Сүлейменнің отбасындағы қарашаңыракта отырған нағашы әжесінің үйіне апарып, босағадан Еленаны оң аяғымен кіргізіп, бата берсе керек. Көрші-қолаң шашу шашып, думандатқаны ел есінен шықпайтын оқиға болыпты. Елена майдангердің соңынан ерген інісі мен қарындасын ер жеткізіп, әжесін күткенін аңызға бергісіз жыр етіп отыратын көнекөздер.

Сол Елена Қабиқызы полк комиссары Сүлеймен Сейітовті жеті жылдай Қазалыдағы отбасында күтіп, басына ақ орамал тартып, 1946 жылы үйлену тойларын дүбірлетіп өткізіпті.

Міне, сүйіспеншілік! Міне, Ақтөбедегі полкте алғаш танысқан комиссар Сүлеймен Сейітовтің жары Елена Қабиқызы туралы жырдың біз білетін бір үзік үзіндісі, оқырман!

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.**
Қызылорда қаласы.

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС»
ШАҒЫН НЕСИЕ
✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз
✓ екі аптадан алты жылға дейін
✓ 15 минутта!
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!
ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ЭВЕРЕСТ Финанс
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе ( №3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
ҚР Ұлттық Банктен №KZ01vg00000355 лицензиясы берілген

Жоба

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-3) тармақшасына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №1340 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6724 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 6 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.С.Байқадамовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ. Ысқақов.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы «____» _________
№ _______ қаулысымен бекітілген

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Р/с | Мамандық атауы | Мамандық коды | Жергілікті бюджет, орындар саны (күндізгі оқу нысаны) | | Бір маманды оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 9 сынып негізінде | 11 сынып негізінде | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 0100000 -Білім беру | | | | | |
| 1. | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 0101000 | 25 | 25 | 391,7 |
| 2. | Дене тәрбиесі және спорт | 0103000 | | 20 | 391,7 |
| 3. | Бастауыш білім беру | 0105000 | 50 | | 391,7 |
| 4. | Музыкалық білім беру | 0108000 | 20 | | 391,7 |
| 5. | Негізгі орта білім беру | 0111000 | 140 | | 391,7 |
| 0300000 - Медицина, фармацевтика | | | | | |
| 6. | Емдеу ісі | 0301000 | 25 | 25 | 474,3 |
| 7. | Медбикелік іс* | 0302000 | 25 | 175 | 474,3 |
| 8. | Лабораториялық диагностика | 0305000 | 25 | | 474,3 |
| 9. | Фармация | 0306000 | | 25 | 474,3 |
| 0400000 - Өнер және мәдениет | | | | | |
| 10. | Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша) | 0404000 | 46 | 7 | 1270,6 |
| 11. | Хор дирижеры | 0405000 | 10 | | 1270,6 |
| 12. | Ән салу* | 0407000 | 15 | | 1270,6 |
| 13. | Хореография өнері | 0408000 | 10 | | 1270,6 |
| 0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару | | | | | |
| 14. | Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша) | 0502000 | 45 | | 396,7 |
| 15. | Шаштараз өнері және сәндік косметика* | 0506000 | 50 | | 396,7 |
| 16. | Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 0507000 | 20 | | 396,7 |
| 17. | Тамақтандыруды ұйымдастыру* | 0508000 | 175 | 25 | 396,7 |
| 18. | Маркетинг (салалар бойынша) | 0513000 | 90 | | 396,7 |
| 0700000 - Геология, тау-кен өндірісі және пайдалы қазбаларды өндіру | | | | | |
| 19. | Пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау (түрлері бойынша) | 0701000 | 20 | | 396,7 |
| 20. | Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу | 0706000 | 25 | | 396,7 |
| 0900000 - Энергетика | | | | | |
| 21. | Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша) | 0901000 | 45 | | 396,7 |
| 22. | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | 0902000 | 60 | | 396,7 |
| 23. | Жылу электрстанцияларының жылу энергетикалық қондырғылары | 0906000 | 65 | | 396,7 |
| 24. | Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша) | 0907000 | 25 | 20 | 396,7 |
| 25. | Электр және электрмеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша) | 0910000 | 20 | | 396,7 |
| 1000000-Металлургия және машина жасау | | | | | |
| 26. | Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика | 1013000 | 25 | | 396,7 |
| 1100000- Көлік (салалар бойынша) | | | | | |
| 27. | Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)* | 1109000 | 75 | | 396,7 |
| 28. | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)* | 1114000 | 45 | 75 | 396,7 |
| 29. | Өндірістегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)* | 1115000 | 100 | | 396,7 |
| 30. | Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар және қондырғылар | 1119000 | 25 | | 396,7 |
| 1200000 - Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша) | | | | | |
| 31. | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану* | 1201000 | 165 | | 396,7 |
| 32. | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу* | 1211000 | 120 | 25 | 396,7 |
| 33. | Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі* | 1219000 | 35 | | 396,7 |
| 34. | Балық өндірісі* | 1221000 | 25 | | 396,7 |
| 35. | Сүт өнімдерінің өндірісі* | 1224000 | 20 | | 396,7 |
| 36. | Полиграфия өндірісі* | 1227000 | | 20 | 396,7 |
| 1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар | | | | | |
| 37. | Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша) | 1302000 | | 20 | 396,7 |
| 38. | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)* | 1304000 | 20 | | 396,7 |
| 39. | Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша) | 1306000 | 25 | | 396,7 |
| 40. | Көлік радио электрондық жабдықтарды техникалық пайдалану (көлік түрі бойынша) | 1310000 | 40 | | 396,7 |
| 1400000 -Құрылыс және коммуналдық шаруашылық | | | | | |
| 41. | Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану* | 1401000 | 290 | 45 | 396,7 |
| 42. | Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша) | 1402000 | 50 | | 396,7 |
| 43. | Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)* | 1403000 | 45 | 25 | 396,7 |
| 44. | Газбен қамтамасыз ету жабдықтарымен жүйелерін құрастыру және пайдалану* | 1405000 | 20 | 25 | 396,7 |
| 45. | Құрылыс бұйымдары мен құрастырылымдар өндірісі* | 1412000 | 20 | | 396,7 |
| 46. | Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша)* | 1414000 | 25 | | 396,7 |
| 1500000- Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология | | | | | |
| 47. | Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу* | 1501000 | 50 | 25 | 396,7 |
| 48. | Агрономия | 1502000 | 20 | | 396,7 |
| 49. | Фермер шаруашылығы (бейін бойынша)* | 1504000 | 75 | 75 | 396,7 |
| 50. | Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша) | 1509000 | 20 | | 396,7 |
| 51. | Зоотехния* | 1512000 | 20 | | 396,7 |
| 52. | Ветеринария* | 1513000 | 65 | | 396,7 |
| Барлығы: | | | 2451 | 657 | |

Ескерту:
* ерекше білім беруді қажет ететін азаматтардың арасынан кадрлар даярлау қарастырылатын мамандық.

## Хабарландыру

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №19-1/422 және 2016 жылғы 18 наурыздағы №127 бұйрығына сәйкес Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы төмендегі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1. Арнайы су пайдалануға рұқсат құжаты:

1) пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру кезінде ілеспе алынған жерасты (шахта, карьер, кеніш) суларын, өнеркәсіптік, шаруашылық-тұрмыстық, сорғытылған, сарқынды және басқа да суларды жерүсті су объектілеріне, жер қойнауына, су шаруашылығы құрылысжайларына немесе жер бедеріне ағызу;

2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген құрылысжайларды немесе техникалық құрылғыларды қолдана отырып, жерасты суларын тарту және (немесе) пайдалану;

3) осы баптың 1-тармағында аталған құрылыстарды немесе техникалық құрылғыларды қолдана отырып, жер үсті суларын тарту және (немесе) пайдалану (бұдан әрі – жер үсті суларын тарту және (немесе) пайдалану).

2. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын келісу;

3. Арнайы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың суды алу немесе ағызу құрылыстарында немесе құрылғыларында орнатылатын суды есепке алу аспаптарын пломбалау;

4. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын тіркеу.

**Қажетті анықтамаларды төмендегі мекенжайдан алуға болады: Қызылорда қаласы, Аманкелді көшесі, 107. Байланыс телефондары: 23-56-70, факс (8-724-2) 23-56-07.**

**Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы.**

## Қоғамдық тыңдау өтеді

ҚР Экология кодесінің 57-2 бабына сәйкес «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ «Қызылорда қаласының ЖЭО жаңғырту және кеңейту» жобасына Қоршаған ортаға әсеріне баға беру жобасына қатысты материалдарды талқылау үшін қоғамдық тыңдау өткізеді.

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орын 2020 жылдың наурыз айының үшінші он күндігінде сағат: 11:00, Қызылорда қаласы Марал ишан көшесі №1 (Қызылорда ЖЭО кәсіпорында болады).

Материалдардың электронды нұсқасын Интернет-ресурс мекен-жайы: www.tabigat.e-kyzylorda.gov.kz танысуға болады.

**Ұсыныстар мен ескертпелер office@knep.kz, v.kulik@knep.kz электронды почтасы арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: 8-7242-60-53-97, 8 701 747 86 57.**

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі ұжымы осы мекеменің №1 мемлекеттік аудит бөлімінің бас маманы-мемлекеттік аудитор Келдебеков Сейтқали Оралұлына анасы
**Қанымкүл Әбжанқызының**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.




# Данышпан, ойшыл, дарабоз

Абай – барша қазақтың ұлы ағасы,
Кемел ойлы кемеңгер ғұламасы.
Алаш барда Абай да мәңгі бірге,
Анық оның тұғырдан құламасы.

Абай – биік Алаштың асқар шыңы,
Баршаны болашаққа бастар шыңы.
Байыппен баурайына барған сайын,
Ашыла түсері анық астар шыны.

Не іздесең табасың, бар Абайда,
Өнер, білім, өсиет бәрі Абайда...
Қаланғың келсе өмірде кірпіш болып,
Арланбай ақыл сұрап бар Абайға!..

Қалған мұра баршылық бізге Абайдан,
Бірлік пен ынтымақты ізде Абайдан!..
Ойшылдың өсиетін есте ұстап,
Ешқашан үмітіңді үзбе Абайдан!..

Ұққан жөн данышпанның дара сөзін,
Өсиет өлеңдер мен қара сөзін.
Қанағат, талап, еңбек, терең оймен,
Қажеттің бәрі осында, қара көзім.
***
Болжаған Абай, Шәкәрім,
Тәуелсіз таңның атарын.
Мұхтар мен үш ойшылдай,
Көбейе бергей қатарым.

**Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ.**

# Ақын ұлағаты

**Қазақтың бас ақыны, ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында «Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Алматы қаласында мектеп оқушылары арасында өткен I республикалық «Абай жаққан бір сәуле» атты жас ақындар мүшәйрасында қаладағы №212 мектеп-гимназияның 5-сынып оқушысы Айзере Серік II орынды иеленді.**



Ұлы ақынның рухани мұрасын жас дарындардың санасына сіңіріп, өскелең ұрпақтың бойында ұлттық рухты қалыптастыруды мақсат еткен осынау шараға 300-ге жуық жас өрен қатысып, бақ сынады.

Ақын мұрасын бала күнінен жаттап өскен, шығармашылық қабілеті жоғары оқушылар Абай атасының «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз...» деген сөзіне терең мән берген сынды. Ұшқыр ойын шағын жыр шумақтарымен жеткізе білді.

– Өлең жазуға бала кезден әуес Айзеремнің бұл алғашқы байқауы, сондықтан сәл қобалжудың болғаны рас. Алайда біз оны жеңе білдік, – дейді немересін жыр сайысына жетелеп жүрген атасы.

Расында, Айзере сыныбында үздік оқушы. Абай атасының өлеңдерін жатқа оқиды. Байқауда өз шығармашылығынан «Абайға арнау», «Туған жерім – тұғырым» өлеңдерін оқып, марапатқа ие болып, ата-анасының, ұстаздарының үмітін ақтады. Талапты оқушының жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлжайна Әбуова: «Айзеренің келешегінен көп үміт күтеміз», – дейді.

**«СБ» ақпарат.**

# Жастар мәслихаты не береді?

**Аймақта жастар саясатын тиімді жүзеге асыру мақсатында облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының қолдауымен жастар мәслихатын құру қолға алынды. Жуырда қаладағы жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы арнайы құрылған округтерде үміткерлер сайлауға түсті. Орталық директоры Бауыржан Мастековтің айтуынша, сайлау нәтижесі бойынша сайланған депутаттарға арнайы мандат табысталады. Жас депутат мәслихатта 2 жыл өкілеттілікке ие.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**



– М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінен 7 кандидат депутаттыққа түсіп отыр. Соның ішінен көп дауыс жинаған 1 ғана үміткер осы оқу орнының атынан қалалық жастар мәслихатының депутаты болып сайланады. Қазір қаладағы 20 оқу орнында бір мезгілде кандидаттарға дауыс беру өтті. Сондай-ақ, мәслихатқа білім, спорт, мәдениет секілді 6 саладан депутаттар сайланатын болады. Осылайша, қалалық жастар мәслихатының құрамы жасақталады. Келер жылы облыстық жастар мәслихатын құру жоспарда, – деді Б.Мастеков.

Біз болған Қызылорда медициналық жоғары колледжінде де сайлау науқаны қызу жүрді. Дауыс беруші студенттердің қарасы қалың, белсенділігі жоғары. Олар сайлаған депутат енді түйткілді мәселелерді көтеріп, қала бойынша маңызды рейдтерге шығады. Сонымен қатар облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың сессияларына қатыса алады. Бұл – жастарды қолдаудың озық үлгісі, тың тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін орта болары сөзсіз.

Суретті түсірген: **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.**

# БАЙҚАУ

**«Сыр бойы» газетінің 90 жылдығы аясында жас журналистер арасында Қалқабай Әбенов атындағы «Тоқсан жылдың толғауы» атты байқау жарияланады.**

**Жалпы ереже**

1. Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.
2. Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы «Сыр медиа» ЖШС.

**Байқаудың мақсаты:**

3. Жас журналистер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.
4. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту.

**Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:**

5. Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында «Сыр медиа» ЖШС жанынан Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.
6. Байқауға облыстық «Сыр бойы» газетінің қоғамдағы ролі, ғасырға жуық уақытта өңірдің рухани-мәдени дамуына қосқан үлесі, онда көтерілген маңызды мәселелер, талдау, зерттеу тұрғысындағы еңбектер, жалпы, басылымның ұстанған бағыты мен жетістіктері туралы да тақырыптар жіберіледі. Сондай-ақ, басылымда еңбек еткен қаламгерлер туралы тың деректер негізінде жазылған дүниелер қабылданады.
7. Байқауға бұрын-соңды жарияланбаған материалдар жіберіледі.
8. Байқауға жасы 35-ке дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады.
9. Байқау материалдары тиісті баспа және ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.
10. Байқауға әрбір қатысушы 2 не 3 материалын әрқайсысы 3 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.
11. Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

- жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3х4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы.

12. Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.
13. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

**Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі:**

14. Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2020 жылғы 5 қаңтар мен 5 наурыз аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;
2) 2020 жылғы 10-18 наурыз аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;
3) 2020 жылғы 20 наурызда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

15. Байқау жеңімпаздары Қалқабай Әбеновтің ұрпақтары атынан арнайы сыйлықтармен марапатталады.

**Ұйымдастыру комиссиясы.**

ҮЛГІ БОЛҒАН ІСІМЕН

**Көзінің алды қарауытып, денесі дел-сал болған күйі құлап барады. Бойынан әл кеткен оны көргенде бала-шағасы өздерін қоярға жер таппаған. Тығырыққа тірелген сәтте бір нәрсе ойларға шама келмесі анық қой. Алдымен ойға келетіні – жақын адамды аман алып қалу. Жаңақорған ауданына қарасты Сүттіқұдық ауылының тұрғыны Серікбай Рыспанбетов осылайша қас пен көздің арасында аудандық ауруханадан бір-ақ шықты.**

**Дәулет ҚЫРДАН.**

# Дәрігердің қолы алтын



– Әкем ауруханаға инсульт алып түсті. Не істерімізді білмей қалдық. Жанарымызды жас жуып, ауруханаға бірге бардық. Әйткенмен, дәрігерлердің қолы алтын екен. Дәрігер Нұрлан Сопбек жағдайды өз бақылауына алып, көп көмегін тигізді, – дейді Раушан Серікбайқызы.

Ауданаралық емхана бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Сопбек Бірлік ауылында дүниеге келген. Науқастардың ыстық ықыласына бөленген азамат. Аудандық ауруханаың жансақтау бөліміне түскен С.Рыспанбетовті қарауына алған дәрігер оның денсаулығының қалыпқа келуі үшін бар тәжірибесін салды. Нәтижесінде науқастың беті бері қарады.

– Медицина саласында қызмет істеп жүргеніме 20 жылдан астам уақыт болды. Мұндай диагнозбен келетін науқастар жетерлік. Сүттіқұдықтан келген науқастың жағдайы түскен кезде ауыр болатын. Қазір жақсарды. Бұл – менің ғана емес, ұжымның еңбегіне адалдығы, – дейді Н.Сопбек.

Дәрігердің бірінші міндеті – науқастың жанын емдеу, содан кейін тәнін емдей бастайды деуші еді. Рас екен. Ауырып келген науқастың көңіліндегі күдікті сәулелі үмітпен алмастырар алтын қолды дәрігерлерді қалайша адам жанының арашашысы демейсің.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

КЕҢЕС

# Стюардесса болғыңыз келсе...

**Көк аспанда қалықтаған ұшақта әлемді шарлайтын сұлу да сымбатты стюардесса атану – талай нәзікжанның арманы. Десек те, қиялыңызға қанат бітірмес бұрын бұл саланың сізге қояр талаптарын ескергеніңіз абзал.**



### Денсаулыққа қойылатын талаптар:

Бортсерікке қойылар ең маңызды талап – мықты денсаулық. Бортқа созылмалы аурулары бар және көзінің көруі қабілеті төмен жандар қабылданбайды. Сондай-ақ спортқа бейім, суда жүзуге қабілетті болуыңыз керек.

### Білім деңгейіне қойылатын талаптар:

Әуе серігі болу үшін арнайы білімнің қажеті жоқ және сіздің негізгі мамандығыңыз ескерілмейді. Есесіне қазақ, орыс, ағылшын т.б. шет тілдерінде еркін сөйлеуге тиіссіз.

### Келбетке қойылатын талаптар:

Болашақ стюардессаның келбеті сүйкімді, бойы 160-тан кем емес, дене сымбаты 48 өлшемге дейін және сөйлеу мәнерінде мін болмауы тиіс. Дегенмен, сұлу болумен қатар сіз апатты жағдайда эвакуация жасайтын құтқарушы, тілсіз жауды ауыздықтайтын өрт сөндіруші, адамдармен тіл табыса алатын психолог, тіпті денсаулығы нашарлаған немесе жүкті әйелге алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрігер боласыз.

Егер осы талаптарға сай келетін болсаңыз, өзіңіз қалаған әуе компаниясының сайтында көрсетілген анкетасын толтыруға асығыңыз. Мүмкін бортсерік болу мүмкіндігі сізге де бұйырып тұрған болар.

***Жанитта КАЛИЛАЕВА,*
ҚМУ-дың студенті.**

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

# Құтты мекенім – Құмбазар

**Құмбазар менің туып-өскен жерім, кіндік қаным тамған жер. Әгәраки, Аралға келе қалып, «Құмбазар қай төңіректе орналасқан?» десеңіз, жұрт оңтүстікке, дария бойына қарай қолын сілтері белгілі. Құмбазар – темір жол тартылған Бекбауыл ауылдық округіне қарасты сексендей түтіні бар шағын жұрт.**

Бұл – ғажап ауыл. Сыр өзенінің жағасына жайғасқан. Аңқылдаған адамдар, еңбекке ұмтылған кәрі-жас, өзен-көлінен балық аулап, қолдағы қарасын қызықтаған, бәрі-бәрі жарасым тауып жайғасқан шат мекен.

Құмбазардың таулы, орманды өлкесі болмаса да, көктем кезінде Сыр өзенінің өзіне тән мінезін көрсетіп, арнасынан асып-тасқан уақыты, тақтайдай тегіс кең дала, төрт түлігі емін-еркін ентелей жайылған жусанды қырлар, жайқалған көк шалғын шөбі әркімді өз ауылына сөзсіз жетелейді.

Ауыл төрінде екі қабатты, бүгінгі заманға лайықталып салынған он бір жылдық білім ордасы бой көтерген. Ауылдық клуб пен дәрігерлік пункт ел игілігі үшін жұмыс жасап келеді. Аудан орталығынан алыстау орналасқанымен, ұялы байланыстың барлық түрі жақсы дамыған. Тіпті, жақында ғана «Қазтранстелеком» құрған Wi-Fi желісін ауыл халқы пайдаланып отыр.

Құмбазардан жалпақ жұртқа үлгі боларлық үлкен азаматтар көптеп шыққанын білесіз бе? Естіген елдің құлағында дауысы қалған Дәріғұл жырау, белгілі жыршы-термеші Набат Ойнарова, балалар жазушысы Сағындық Тұрдалиев, есімі баршаға белгілі ақын, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмаханов. Осылардың кіндік қаны тамып, құтты мекеннің құмында сайран салған ізі бар.

Қашанда болмасын, Сыр өзенінің жағасы берекелі жер емес пе?! Құмбазарлық қауым мал шаруашылығымен айналысады. Атакәсіптің жүгін арқалаймын дегенге таптырмас мекен. Көктем келіп, мал төлдегеннен кейін әр үйден күбінің күмбір дыбысын естисің. Түс уақытында шай орнына сырлы шелекке салқындай қойылған қою айранды сіміре тартасың. Шешелердің сүзбеден құрт жасап, жағалай жайып күн бетіне кептіріп жатқанына, келсеңіз, өзіңіз де куә болар едіңіз ғой. Иә, ауыл туралы айта берсем әңгіме таусылар ма?!

Бүгінгі күні еліне, туған жеріне қызметін жасап жатқан азамат ағалар аз емес. Туған жерге ұлтан болып, елді көркейтуде аянбай тер төккен перзенттердің еңбегіне сүйеніп, өзің де солардың қатарына ұмтыласың...

**Төребек ТӨРЕМҰРАТОВ.**
Арал ауданы,
Құмбазар ауылы.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА!**
**ЖОЛДАРҒА УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР ҚОЙЫЛДЫ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы №162 бұйрығына сәйкес, көктемгі кезеңде жол төсемі бөлігінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымы аралығына және А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автожолының 12-216 шақырымы аралығына **2020 жылдың 1 наурызы мен 1 сәуірі аралығында** уақытша бір білікке түсетін жүктемесі **8 тоннадан артық** автокөлік құралдарының қозғалысына уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық жүк тасымалына, зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек көрсететін, азық-түлік тасымалдайтын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға және алдын алу жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыратын автомобильдерге шектеулер қойылмайды.

**«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ,**
**«Қазақавтожол» ЖШС**
**Қызылорда облыстық филиалдары.**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 28786 Тапсырыс №282 Кезекші редактор **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**